



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне кейс-менеджмент  
стандарттарын енгізу мәселелері»**

**атты on-line ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

**On-line научной конференции**

**«Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в  
практику социальной работы»**

**PROCEEDINGS**

**On-line Scientific Conference**

**for students and young scholars**

**«Issues of implementation of standards and case  
management in social work experience»**

2019 жыл 11 сәуір

Нұр-Сұлтан

УДК 364

ББК 65.272

Ә 53

«Әлеуметтік жұмыс тәжірибіесіне кейс-менеджмент стандарттарын енгізу мәселелері» On-line ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Международная научно-практическая On-line конференция: «Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы»

On-line scientific-practical conference on «Issues of implementation of standards and case management in social work experience». <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2019. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

В сборнике представлены доклады преподавателей, магистрантов, докторантов, молодых ученых и студентов по актуальным вопросам профессиональной подготовки обучающихся по социальной работе в аспекте проблем внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы.

Для преподавателей и студентов по направлению подготовки «Социальная работа», практиков социальной защиты, а также всех интересующихся современными проблемами подготовки кадров высшей школы.

**Редакционная коллегия:**

Отар Эльмира Сәкенқызы - доктор PhD, и.о.доцента, заведующий кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Урузбаева Гаухар Тлеубердыевна - к.пед.н., доцент, и.о.профессора кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Есимова Динара Габиболлаевна - доктор PhD, и.о.доцента кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исаханова Асель Алимахановна - доктор PhD, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исахова Гулазия Дуйсенхановна – магистр, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Досмурзаева Динара Онгаровна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Манжугулова Айгерим Ерлановна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Капин Батина -магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Аубакирова Аягоз Каиртайевна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Шанбаева Гульназ Нурдыгуловна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша ОӘБ РОӘЖ. УМО РУМС по специальности «Социальная работа» . 6В10-7М10-7R10-8D09 Здравоохранение и социальное обеспечение (Медицина). 102- Социальное обеспечение.

## МАЗМҰН

1. **Умирзакова М.А., Бауыржан С.**  
Өмірдің қиын жағдайына түскен отбасы балаларына әлеуметтік қызмет көрсету .....5
2. **Зәкіртай Ұ.Н.**  
Әлеуметтік мекемелердегі қарттардың тынығу ерекшеліктері.....9
3. **Кажығалиева А.Б.**  
Балаларға арналған сенім телефоны әлеуметтік жұмыстың формасы ретінде.....13
4. **Қалдышева Т.Ж., Абдрашева Б.Ж., Сәрсен А.С.**  
Халықтың осал топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуының алдын-алу бағдарламаларын жүзеге асыратын мекемелердегі әлеуметтік жұмыстың кейс-менеджменті.....19
5. **Қуатова А.С.**  
Еріктілер қызметі қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қызмет ретінде.....24
6. **Нұрғабден Б.М.**  
Әлеуметтік қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын құқықтық қатынастар негізінде жетілдіру қажеттілігі: ғылыми контекст.....30
7. **Умирзакова М.А.**  
Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда отбаслық бизнесті дамыту жолдары.....35
8. **Абетова З.Т.**  
Инновации в образовании: социальные ожидания, установки студенческой молодежи.....42
9. **Асет Л.Е.**  
Кейс-менеджмент на уровне первичной медико санитарной помощи.....50
10. **Әбдікерова Г.О.**  
Әлеуметтік жұмыстың медико-әлеуметтік аспектілері.....54
11. **Уашева А. К., Құрақ Б. Ә.**  
Психикалық денсаулығында ауытқушылықтары бар адамдарды әлеуметтік-психологиялық оналту.....60

<b>12. Асет Л.Е.</b> Неблагополученная семья и проблемы внутрисемейных отношений.....	67
<b>13. Әлмұрат Д.Қ.</b> Интернеттің жастар психологиясына және өмір сүру салтына әсерін анықтау.....	80
<b>14. Байғабылов Н.О.; Мұсабаева А.Б.</b> Репатрианттармен әлеуметтік жұмыс жасау қажеттілігі бүгінгі күні талабы.....	86
<b>15. Берикболова У.Д.</b> Дисфункционалды отбасы: пайда болу себептері, ерекшеліктері, әлеуметтік қорғау шаралары.....	91
<b>16. Жандуллаев Ж. Т., Кәмен Д. Қ.</b> Әлеуметтік геронтология әлеуметтік жұмыстың бір бағыты ретінде.....	98
<b>17. Жұмабек С.</b> Қалалық көше жарнамасындағы мәселелерді және оны шешу шараларын талдау.....	102
<b>18. Коняхина А.А.</b> Профликатика социального сиротства: основные подходы.....	106
<b>19. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Сатаева С.Х.</b> Модель технологии кейс-менеджмента в работе с лицами, страдающими от ожирения.....	111
<b>20. Урузбаева Г.Т.; Карим Ж.; Аубакирова А.К.</b> Учебно-методические основы обучения анализу кейс студентов будущих социальных работников.....	117
<b>21. Шингизбаева М. Н.</b> Балама жазалардың түрлері заңнаманы ізгілендіру тәсілі ретінде... ..	122
<b>22. Смагамбет. Б.Ж.</b> Қамқорлық – заманауи әлеуметтанудың объектісі.....	127
<b>23. Исахова Г.Д.</b> Қазақстандағы ажырасудың әлеуметтік экономикалық салдары: балаларға алимент төлеу бойынша мәселелер.....	131
<b>24. Исаханова А.А., Даулетова Д.М.</b> Социальная реклама в современных реалиях.....	136
<b>25. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Аралбай А.А.</b> Технология CASE WORK как исследование идентификации клиента.....	140
<b>26. Аширбаева Ф.М.</b> Қазіргі заманғы көші қон мәселелері.....	145
<b>27. Отар Э.С.</b> Адаптация среднего класса Казахстана к постсоциалистической действительности.....	150

5. сыртқы қызмет орындарындағы клиентке көрсетілген қызметті бағалау [3, б. 30,31].

Әр клиентке жеке жоспар құрған кезде кейс-менеджер клиентпен бірлесе отырып ол жоспардың қандай мерзімде орындалатынын анықтайды. Бұл мерзім клиенттің тұлғалық ерекшеліктеріне, қажеттіліктеріне, жеке жоспарда белгіленген міндеттер мен әлеуметтік сүйемелдеу аясында өткізілетін шараларға байланысты. Клиент жеке жоспарда бекітілген міндеттерді шешкен соң, өзінің бағдарламадан шығуға дайын немесе дайын еместігі жөнінде маманмен бірлесіп шешім қабылдайды. Клиент бағдарламадан шығарылған кезде оған көрсетілген қызметтердің әрі қарай да қолжетімді болатынына көз жеткізу қажет. Клиент қойылған міндеттерді шешкенмен, өзінің қауіпті мінез-құлқын қайталамайтынына сенімсіздік танытса және ол қауіпті төмендетуге бөгет болған кедергілерден арылмаса, кейс-менеджментті жалғастыру орынды болып есептеледі [3, б. 89].

Халықтың осал топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуының алдын алу бағдарламаларын жүзеге асыратын мекемелердегі кейс-менеджментті жұмыс тәжірибесіне енгізу әрбір клиентпен жасалатын жұмысты ұйымдастырудың ұтымды құралы екені анық. Ол әр клиенттің проблемасына жалпы кәсіби көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бағдарлама клиенттерімен жүргізілетін жұмыстар әлеуметтік сүйемелдеу процесінің барлық қатысушыларының ұйымдастырып, жүзеге асыруымен тиімді әрі стратегиялық ойластырылған қызмет түрі ретінде мойындалды.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <https://socfactor.wordpress.com/2009/05/14/кейс-менеджмент/>
2. Рекомендации по организации программ социального сопровождения для уязвимых групп. Практическое пособие для социальных работников / «СПИД Фонд Восток!Запад» (AIDS Foundation EastWest, AFEW). – Москва, 2007. – 129 с.
3. Шульга Л. Кейс-менеджмент для уязвимых к ВИЧ групп населения: подъем по ступеням сервиса. Пособие по проведению тренинга/ – К.: МБФ «Международный Альянс по ВИЧ/СПИД в Украине», 2012. – 48 с.

#### **ЕРІКТІЛЕР ҚЫЗМЕТІ – ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ҚЫЗМЕТ РЕТІНДЕ**

**Қуатова А.С.**

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Әлеуметтану мамандығының 2-курс докторанты  
Қазақстан, Нұр-Сұлтан

Қазіргі таңда әлемде еріктілер қызметі – ең кең таралған қызмет түрі болып табылады. Батыс әлемінде көптеген еріктілер ұйымдары, фондтары бар. Еріктілер еңбегі кең етек алған. Олар әлеуметтік мәселелерге бей-жай қарамайды. Көптеген алдын-алу бағдарламаларында: қарттарға, мүгедек балаларға, жетім балаларға және мүгедектерге, есірткіге тәуелділіктің алдын-алуға көмектесу сынды түрлі қызметте жұмыс жасайды. Өкінішке орай қазіргі таңда Қазақстанда еріктілік қызмет, адамдарға көмек беру күнделікті өмір нормасы емес, бірақ еріктілік күн санап артып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарынан еріктілік туралы айтып жатыр. Көптеген еріктілер фондтары, ұйымдары ашылып жатқанын, көптеген адамдардың оның ішінде жастардың еріктілік ұйымдарға, фондтарға қосылып жатқанын есітіп жатырмыз. Мысалы, Қазақстанда «Нұр-Әлем», «Ана-үйі», «Отырар», «Жұлдызай», «Асыл адамдар», «Астана жастары» сияқты қоғамдық қайырымдылық ұйымдары бар. Өздеріңіз білетіндей, жастар науқас балаларға қан беруде, жетім балаларға көмектесуде белсенділік танытуда.

Еріктілік – өз еркімен қандайда бір жұмысты алған адам. Еріктілік жасына, жынысына, мәртебесіне қарамайды. Еріктілікті, сонымен қатар, альтуризм деп атауға болады. Еріктілер қызметі – қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қызмет болып табылады. Еріктілер алдында тұрған негізгі мақсаты-басқа адамдарға көмектесу арқылы өзінің жеке және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Алғашқы еріктілер әлеуметтік-қоғамдық қатынастармен қатар бір мезгілде пайда болды. Еріктілер еңбегі жиі дінмен және шіркеу институтарымен байланысты болды. Қазіргі уақытта Қазақстанда еріктілер қызметі жаңа сапалы деңгейге көтерілді. Олар мемлекеттік ұйымдардың шамасы жетпейтін мәселелерді шешуде жақсы жұмыс жасауда. Соңғы онжылдықта қоғамда әлеуметтік, мәдени, сондай-ақ экономикалық өзгерістер айтарлықтай болды. Соның салдарынан әлеуметтік мәселелердің артуы және әлеуметтік бақытсыздықтың өсу үрдісі байқала бастады. Сондықтан, халыққа әлеуметтік көмек көрсету мақсатында ұйымдар, мекемелер көптеп пайда болды. Халықтың көптеген проблемаларының, сондай-ақ клиенттердің көп саны арқасында еріктілер қызметі ұйымдарға, мекемелерге көбірек қажет бола бастады. Қазір көптеген адамдарға көмек пен қолдау қажет. Көптеген адамдар жақын туыстары жағынан ешқандай көмек ала алмайды, сондықтан олар еріктілер тарапынан көрсетілетін сыртқы көмекке мұқтаж. Еріктілер өздерінің ықыласымен басқа адамдарға немесе қоршаған ортаға көмектесу үшін өз уақыттарын, энергиясын, дағдылары мен білімін ерікті түрде бөліседі. Олар орындаған жұмыс қарапайым болса да, ол өте маңызды. Еріктілік қызметі азаматтық, қайырымдылық, әділеттілік, адамгершілік, жауаптылық және басқа маңызды құндылықтар сияқты жастар ортасындағы құндылықтарды қалпына келтіру, адамгершілік тәрбиелеу функциясын орындайды. Сондықтан қазіргі қоғамға көптеген еріктілерді тарту, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді шешуге барынша ықпал жасау қажет.

Қоғамда басқа адамдармен қарым-қатынас және байланыс жасайтын, басқа адамдарға көмектесуге әрдайым дайын тұратын адамдар болады. Олар

еріктілер болып табылады.Еріктілік термині ақысыз, саналы, маңызды міндеттер мен қауымдастық мәселелерін шешу деп түсіндіріледі. Өзінің бос уақытын еріктілікке арнайтын, сонымен қатар бойында жауапкершілігі бар кез-келген адам ерікті болуы мүмкін. Қазіргі кезде еріктілер әлемнің көптеген елдерінде кең таралған. Олар қоғамның дамуына өз үлестерін қосып жүр [1].

Әлемде еріктіліктің көптеген анықтамалары бар. Мәселен, Ұлы Кеңес энциклопедиясында еріктілік қызметтің келесі анықтамасы берілген: бұл азаматтардың ерік-жігері арқылы жүзеге асырылатын, жергілікті, ұлттық немесе халықаралық деңгейде әлеуметтік маңызы бар қызметтерді қызықтыруға бағытталған, осы қызметті жүзеге асыратын азаматтардың жеке өсуіне және дамуына үлес қосатын әлеуметтік қызмет түрі [1,26].

Еріктілік «социум» түсінігі сияқты ежелден бері келе жатқан ұғым. Адамзат тарихы бір-біріне көмектеспейтін қоғамды есіне түсіре алмайды. Қоғамда әрқашан өзін-өзі танып, өзін-өзі жетілдіріп, басқа адамдармен қарым-қатынас жасап, көмектесіп отыратын адамдар болды. Еріктілік-әр тараптың өз құқықтары мен міндеттері бар бірлестік немесе әріптестік. Оның құрамына мыналар кіреді:

- ұйымдар (ауруханалар, балалар үйлері, баспаналар, т.с.с.),
- бенефициарлардың өздері (балалар, мүгедектер және т.б.);
- қайырымдылықеріктілердің өздері [2].

Е.И.Холостованың пікірінше, еріктілер- мемлекеттік, медициналық, білім беру немесе әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдарында тегін жұмыс жасайтын немесе ерікті ұйымдарға мүше болып табылатын адамдар болып табылады [3].

Еріктілік – бұл қоғамдағы мұқтаж, яғни көмекке зәру адамдарға ерікті түрде көмек көрсететін адамдар. Бүкіл әлемде жастар еріктілер қозғалысы кеңінен тарап, оның әлеуметтік дамудағы рөлі халықаралық дәрежеде бағаланды. Біріккен Ұлттар ұйымы еріктілікті қызметтің бай көзі деп мойындады. Көптеген мемлекеттердің үкіметтері жастарды қолдау жөніндегі бағдарламаларды іске асыруда,қоғамдық мәселелерді шешуде еріктілік ресурсын пайдаланды [4,96].

Қайырымдылық, жан-ашушылық, еріктілік қазақ халқының іргесі болып қаланған салт-дәстүрі. Ол ежелден пайда болған, мұсылман діні келгеннен кейін систематикалық түрде қалыптасты. Біздің ата-бабаларымыздың ой-санасында ежелгі дәуірден бастап,басқаларға жақсылық жасау қажеттілігі болды және бұл әрбір адамның рухани міндеті болды.Ерте заманнан бері қазақтар бір-біріне қол ұшын беріп, қиын қыстау кезде бір-бірін қолдап-қорғап отырған. Еріктілік қатты тереңдей бастаған кезеңі Қазақстанның Ресеймен қол астына өткен кезінде болатын. Сол кезде де адамдар қиын жағдайға, бақытсыз жағдайда тап болғандарға қолынан келген көмектерді көрсетті. 19 ғасырдың 2-жартысына қарай саяси және мәдени-тарихи себептерге байланысты

Қазақстанда қайырымдылық қарқынды түрде дами бастады. Көмекке мұқтаж жандарға белсенді түрде көмек көрсеткен діни ұйымдар болды.

Мысалы, Түркістан соборы үшін дінбасылардан және жергілікті ақсақалдардан жиналған 4000 рубльді Верненский гимназиясына сыйға тартты. 19 ғасырдың соңында - 20 ғасырдың басында қазақ халқының саны айтарлықтай көбейді. Сол кездегі аштық себебінен қазақ халқы біраз адамынан айырылды. Қазақтарда мал басы азайды, жаппай аштық орын алды, ең қауіпті эпидемиологиялық аурулар тарады. Соның салдарынын қазақтар 40% -ы құнарлы жерлерін жоғалтты. Ресей империясы сол кездері көмек көрсетуге шектеу қойып тастады. Аштықтан қырылып жатқан адамдарды жергілікті Қызыл жарты ай өз жауапкершілігіне алды. Олардың жақсы құрылымы мен ішкі қатты жүйесінің арқасында алдын-ала білді. 19 - 20 ғасырда Қазақстанда Торғай жергілікті өзін-өзі басқару ұйымы, Омбы қамқорлық комитеті, Ақмола және Петропавл қамқорлық комитеттері қызмет жасады. Олардың барлығы Ақмола облысының аштыққа душар болған тұрғындарына көмек көрсетті. Осы ұйымдар аштықтың қасіретінен зардап көрген адамдарға материалдық жағынан көмек көрсетті. Асханалар, ауруханалар ашылды.

Осы ұйымдармен қатар XIX ғасырда арнайы қоғамдық ұйымдар пайда бола бастады. Олардың негізгі мақсаты - өз мүшелеріне көмек көрсету. Мысалы, 1898 жылдың сәуір айында Верный қаласындағы жарғы пайда болды. Олардың жарғысының бірінші абзацында: «Өзара көмек көрсету қоғамы Верныйдағы жағдайды жақсартуға бағытталған нақты мүшелердің өмірі

- а) жәрдемақылар, қарыздар беру, тұрақты көмек;
- б) қоғам мүшелерін жұмыс орындарға және сабақтарға орналастыру;
- с) олардың арасында пайдалы білім тарату;
- д) балаларды ғылыми тәрбиелеуге жәрдемдесу,
- е) емделмейтін ауруға ұшыраған адамдардың отбасына медициналық

көмек көрсету.

Қазақстанда бірінші рет үкіметтік емес ұйымдар ең алғаш рет 1991 жылы тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ашыла бастады. Соның арқасынан еріктіліктің жаңа формасы тарай бастады. Олар қоғамдағы мәселелерді шешті. Бірақ қазір еріктілік сфера көптеген жетістіктерге жеткенімен әлі де болса артта қалып келеді. Еріктіліктің дамуының негізгі аспектілеріне келетін болсақ, еріктілерді көп тартатын, кең таралған ұйым түрі біріккен қоғамдық ұйымдар. Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдар негізінен мынандай сферада: экология, балалар мен жастармен жұмыс, денсаулық, мәдениет, ғылым, білім, құқық, әлеуметтік құқық, мүгедек балалармен жұмыс жасайды. 2010 жылы 30 сәуірде Ұлттық Еріктілік желісі құрылды. Толық еріктілік бастаманы дамыту мен азаматтық қоғамды дамыту үшін құрылған бірінші желі болып табылады. Үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғамның құрамына: Еріктілік және билік. 2006 жылы 25 шілде де Қазақстан президенті «2006-2011 жж. Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуы туралы концепцияға» қол қойды. Концепция ұйымдардың ашылуын және азаматтық қоғамның құрылуын үкіметтік емес ұйымдардың арқасында ашылуы қолдайды [5, 246].



Қазақстанда еріктілер қозғалысының тарихы 10 жылдан астам уақытты қамтиды. Еріктілік қызметке байланысты, елімізде дамып келе жатқан бірнеше ірі жобалар мен ұйымдар бар. Мысалы, 2005 жылы Қазақстанда «Жасыл ел» бағдарламасы кеңінен қолданылды. 2010 жылға арналған мәліметтерге сәйкес, «Жасыл ел» отрядының құрамында бүкіл ел бойынша 114 мыңнан астам адам болған. Бағдарлама қатысушылары бүкіл республика бойынша 28 миллионнан астам ағаш отырғызу, қыздырғыштарды тазарту, саябақтарға көшеттер отырғызу, теміржолдар мен автомобиль жолдары бойымен жұмыс жүргізді. Сонымен қатар, Қазақстанда жеті жылдан астам уақыт бойы жұмыс жасап келе жатқан Ұлттық еріктілер желісі бар. Ұлттық еріктілер желісінің миссиясы - еріктілік мәдениетін қалыптастыру және Қазақстан Республикасындағы еріктілер қызметін дамыту. Ұлттық еріктілер желісінің мақсаты - еріктілер бастамаларының толыққанды, прогрессивті дамуы және азаматтық қоғамның дамуы. Азаматтық қоғамның өкілдері үшін еріктілікке қатысты білім беру қызметтерінің, үкіметтік емес, коммерциялық емес ұйымдардың, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұлттық еріктілер желісі идеясын алға жылжытуға мүдделі басқа да жеке тұлғаларды қамтамасыз ету сияқты тапсырмаларды қамтиды. Сондай-ақ еріктілер қозғалысын қолдау және көмек көрсету, үкіметтік емес, коммерциялық емес ұйымдар, мемлекеттік органдар мен ерікті негізде ұлттық еріктілер қызметінің идеяларын алға жылжыту, басқа адамдарға көмек көрсетуге жаңа әдістер мен технологияларды енгізу болып табылады. Ұлттық еріктілер желісі бұл ерікті бастамалар мен азаматтық қоғамды дамытудың толық және прогрессивті дамуы және бірыңғай бүкіл қазақстандық еріктілер желісін құру үшін БҰҰ еріктілер бағдарламасының, Қазақстанның азаматтық альянсы мен Қазақстан Республикасының еріктілер ұйымдарының бірлескен жобасы болып табылады [6].

Қазақстанда «Ерікті қызмет туралы заң» 2016 жылдың 30 желтоқсанында қабылданды [7]. Заңда еріктілер, еріктілер тобы, еріктілер ұйымы, еріктілер қызметі, сонымен қатар мақсаттары мен міндеттерін, ерікті қызметтің түрлері мен формаларын анықтайды. Заңда ерікті қызметтің үш түрі қарастырылады: еріктілер тобына кіретін, жеке тұлға еріктілік іс-шаралар, еріктілер ұйымы. Сондықтан заңда заңды тұлғаны тіркеусіз бейресми еріктілік топтарға еріктілердің іс-қимылдарын, бағдарламаларын және жобаларын енгізу құқығы көзделген.

Еріктілік қызметтер Қазақстан Республикасының «Еріктілік қызмет туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылады:

- әлеуметтік көмек көрсету, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға және оның отбасыларын көмек көрсету, халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарына көмек көрсету;

- мүгедектерге, қарттарға әлеуметтік қызмет көрсету, мүгедектер үшін өздеріне қажетті ортаның қолжетімділігін ұйымдастыру, жетім балаларды және ата-анасыннан айырылып олардың қамқорлығынсыз қалған

балаларды әлеуметтік бейімдеу, олардың арасындағы байланысты дамыту және тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа жәрдемдесу;

– зілзалалар, экологиялық, техногендік және басқа да сол сияқты апаттар, әлеуметтік шиеленістер, жазатайым оқиғалар салдарынан зардап шеккен адамдарға, құқық бұзушылықтар құрбандарына, амалсыздан қоныс аударушылар мен босқындарға, сондай-ақ сырттан жасалатын көмек пен қолдауға мұқтаж адамдардың өзге де топтары мен санаттарына көмек көрсетуге қатысу;

– орталық және жергілікті атқарушы органдарға төтенше жағдайлардың алдын алуға және салдарларын жоюға жәрдем көрсету;

– хабарсыз кеткен, іс-түссіз жоғалып кеткен адамдарды, Ұлы Отан соғысы мен басқа да соғыстарға қатысушылардың сүйектерін іздеуге қатысу;

– қоршаған ортаны қорғауға және сақтауға, аумақтарды жасылдандырып, абаттандыруға қатысу;

– ата-бабамыздан қалған тарихи және мәдени мұраны сақтау, тарихи-мәдени мекендеу ортасын қалпына келтіру және соны сақтау үшін мүмкіндіктер жасауға қатысу;

– білім беруді, ғылымды, мәдениетті дамытуға, білімді танымал етуге, инновацияларды яғни жаңа нәрселерді дамытуға қатысу;

– дене шынықтыруды, спорт пен белсенді демалысты дамыту мен танымал етуге, республикалық қоғамдық, өңірлік, өңіраралық, және халықаралық дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысу;

– салауатты өмір салтын насихаттау бойынша үгіт-насихат жүргізу, әлеуметтік мәні бар аурулардың таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі алдын-алу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

– республикалық, өңіраралық, өңірлік, сонымен қатар халықаралық мәдени, бұқаралық және басқа да ойын-сауық және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысу, археологиялық қазбаларға, тарихи ғимараттардың қасбеттерін қайта-қалпына келтіруге, жағдайы жоқ, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерьлерінің жұмысына, конгресс-көрме қызметіне қатысу;

– халықтар бір-бірінің арасындағы татулықты, достық пен келісімді нығайтуға, әлеуметтік, ұлтаралық, конфессияаралық, этносаралық, діни шиеленістерді болғызбауға қатысу.

Қазіргі уақытта Қазақстанда еріктілік жұмыс күнделікті қоғамдық тәжірибе ретінде қарастырылады, онда жалпы мәселелерді шешу үшін адамдар біріктіріледі. Әрбір қоғамда ерікті түрде қызмет ететін, қол ұшын беретін адамдар бар. Еріктілікке тартудың діни, нәсілдік, жастық тіпті саяси шекаралары жоқ. Көптеген ерікті коммерциялық емес ұйымдар жыл сайын өз жобаларына және бағдарламаларына жүз миллионнан астам адамда тартады. Еріктілік қозғалыстарда алынған білім және әлеуметтік белсенділіктің түрлі көріністері арқылы оларды еріктілер қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ

еріктілер жұмысын жоспарлауда қолданылатын нысандар мен әдістерді дамытуға, әлеуметтік салада еріктілік топтардың өзара іс-қимылын жүзеге асыруға, бірлескен жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға ықпал етеді. Еріктілік қозғалыстарда алынған білімдер және әлеуметтік белсенділіктің әртүрлі көріністері арқылы ерікті қызметті жоспарлауда қолданылатын нысандар мен әдістерді дамытуға, еріктілердің өзара іс-қимылын жүзеге асыруға ықпал етеді

Еріктіліктің бастауы ерте заманнан басталады. Адамдар ерте уақыттан бастап, бір-біріне қол ұшын беріп, көмектесіп отырған. Қоғам үшін еріктілердің маңызы зор. Себебі, кез-келген әлеуметтік мәселелердің алдын-алуға олар көп пайдасын тигізеді. Мемлекеттің күші жетпейтін мәселелерді шешуде жақсы жұмыс атқарады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Служение обществу. Пособие по развитию волонтерской деятельности учащихся организаций образования. Составители Аргынов А.Х., Жумақанова Р.А. - Алматы, Научно-информационный центр гражданского образования, 2009, 183 с.
2. Мотвиченко, И.А. Волонтерство – перспективное направление/ И.А. Мотвиеченко // Социономия. – 2002. – № 1. – С. 13-21
3. Социальное волонтерство. Теория и практика. — Москва: Омега-Л, 2016. — 128 с.
4. Бодренкова Г. И. Добровольчество / Г. И. Бодренкова // Социальная работа. – 2006. №1. – С. 52-56.
5. «Будущее, которое мы хотим» Национальные консультации в Казахстане по программе развития на период после 2015г . / Отчет страновой команды ООН в Казахстане за 2012- 2013г. - Астана, 2013 г. – 72 с.
6. Шиндаулетова С.С. Проблемы правового регулирования волонтерской деятельности: Обзор/С.С. Шиндаулетова. – СПб: Фортесс, 2008.-44 с.
7. Волонтерлік қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VI ҚРЗ.

### **ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР НЕГІЗІНДЕ ЖЕТІЛДІРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ: ҒЫЛЫМИ КОНТЕКСТ**

**Нұрғабден Б. М.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Әлеуметтік жұмыс 1-курс магистрант

**Исаханова А.А.**